

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ КОДЕКС

Халықаралық Стандарт



БІЛІМ БЕРУ

ҚАҒТАП 2021



Білім берудің Халықаралық стандарт

Допингке қарсы кодекске сәйкес Білім берудің Халықаралық стандарты Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламаның аясында әзірленген пайдалану үшін міндетті халықаралық стандарт болып табылады. Ол Қол қойған тараптармен, мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен бірлесе отырып әзірленген.

Білім берудің Халықаралық стандартын алғаш рет 2019 жылы 7 қарашада Катовицеде өткен спорттағы допинг жөніндегі бойынша Дүниежүзілік конференцияда ДДҚА Атқарушы комитеті қабылдап, бекітті және ол 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Допингке қарсы ұлттық ұйымы жасаған ресми емес орыс тіліндегі аударма.

Білім берудің Халықаралық стандартының ресми мәтінін ДДҚА дайындаған және ол ағылшын және француз тілдерінде жарияланады. Ағылшын және француз нұсқаларының арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқасы басымдыққа ие.

Жариялаған:

Дүниежүзілік допингке қарсы
агенттік
Stock Exchange Tower
800 Place Victoria (1700-кеңсе)
П/ж 120
Монреаль қаласы,
Квебек, Канада H4Z 1B7

www.wada-ama.org

Тел.: +1 514 904 9232

Факс: +1 514 904 8650

Эл. почта: code@wada-ama.org

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ: КІРІСПЕ, КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР		4
1.0	КІРІСПЕ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ АЯСЫ	4
2.0	КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІ	5
3.0	АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕР	5
3.1	Кодексте анықталған, Білім берудің ХС-да қолданылатын терминдер	5
3.2	Кодекске сәйкестік жөніндегі Халықаралық стандартта анықталған терминдер	8
3.3	Білім берудің Халықаралық стандартына тән белгілі бір терминдер	8
3.4	Түсіндірмелер	9
ЕКІНШІ БӨЛІМ: БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ		10
4.0	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖОСПАРЛАУ	10
4.1	Білім беру жоспарын әзірлеу	10
4.2	Ағымдағы жағдайды бағалау	10
4.3	Білім беру пулын құру	11
4.4	Мақсаттары мен Қызметі	12
4.5	Мониторинг	12
5.0	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	12
6.0	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БАҒАЛАУ	14
ҮШІНШІ БӨЛІМ: ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ		15
7.0	Қол қойған тараптардың қызметтері мен міндеттері	15
7.1	Шолу	15
7.2	Допингке қарсы ұлттық ұйымдар.....	15
7.3	Халықаралық федерациялар	16
7.4	Ірі спорттық Іс-шаралардың ұйымдастыру комитеттері	17
7.5	Ұлттық Олимпиадалық комитеттер / Ұлттық Паралимпиадалық комитеттер.....	17
7.6	Допингке қарсы аймақтық ұйымдар	17
7.7	Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (ДДҚА)	18
8.0	ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫ МОЙЫНДАУ	18
9.0	ЖАУАПКЕРШІЛІК	19

БІРІНШІ БӨЛІМ: КІРІСПЕ, КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

1.1 Кіріспе және қолдану аясы

Білім берудің Халықаралық стандарты Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламаның аясында әзірленген пайдалану үшін міндетті халықаралық стандарт болып табылады.

Білім берудің Халықаралық стандартының негізгі мақсаты - Кодексте баяндалғандай, спорттық рухты сақтауға қолдау көрсету және адал спорттық орта қалыптастыруға ықпал ету. Спортшылардың басым көпшілігі әділ жарысқа түскісі келетіндігі, *Тыйым салынған препараттар мен Әдістерді* қолдануға ниеті жоқ және бірдей шарттарға құқығы бар екендігі жалпы қабылданған факт болып табылады.

Кодексте көрсетілген Алдын-алу стратегияларының бірі болып табылатын Білім беру әділ спорт құндылықтарына сәйкес мінез-құлықты насихаттауға және Спортшылардың және басқа да Тұлғалардың допинг қолдануына жол бермеу үшін көмектесуге бағытталған. *Білім берудің Халықаралық стандартының* жетекші қағидасы- *Спортшы* алғашқы допингке қарсы іс-әрекет тәжірибесін *Допинг-бақылау* арқылы емес, *Білім* арқылы алуы керек.

Білім берудің Халықаралық стандарты осы мақсатты қолдауда үш (3) негізгі міндетті алға қояды. Бірінші міндет - Кодекстің 18-бабына сәйкес тиімді Білім беру бағдарламаларын жоспарлау, іске асыру, мониторинг және бағалау кезінде Қол қойған тараптар қолдайтын міндетті стандарттарды белгілеу. Кодекс, Білім берудің Халықаралық стандарты және Білім беру жөніндегі нұсқаулықтар Кодекс Білім берудің құрылымын анықтай алатындай етіп үйлестіріледі; *Білім берудің Халықаралық стандарты* Білім беру бағдарламаларын қамтуы тиіс қағидалар мен минималды стандарттарды белгілейді, мұнда Білім беру жөніндегі нұсқаулықтар Қол қойған тараптарға өз Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жетілдіруге көмектеседі.

Білім берудің Халықаралық стандартының екінші міндеті төмендегідей:

- a) Білім беру саласындағы терминологияны анықтау
- b) Білім беру бағдарламаларын жоспарлауға, іске асыруға, мониторинг және бағалауға жауапты барлық Қол қойған тараптардың қызметтері мен міндеттеріне қатысты айқындық.

Білім берудің Халықаралық стандартының үшінші мақсаты - Қол қойған тараптарға өз ресурстарын барынша пайдалануына мынадай жолдар арқылы көмектесу:

- a) Қол қойған тараптарға Білім беру пулын құруға қойылатын талаптар, ол кемінде *Тіркелген Тестілеудің пулындағы* Спортшылар мен санкциялардан кейін спортқа қайта оралған спортшыларды қамтуы тиіс.
- b) Қол қойған тараптарды басқалармен бірлесіп жұмыс жасауға және қайталануды барынша азайту үшін Білім беру саласында өз іс-шараларын үйлестіруге ынталандыру.
- c) Спорттық рухты дарыту және адал спорттық орта қалыптастыруға ықпал ету үшін Қол қойған тараптарды Құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламалары арқылы халықтың неғұрлым басым бөлігіне білім берудің артықшылықтарын қарастыруға ынталандыру.
- d) Қол қойған тараптарды басқалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың, зерттеушілердің және білім беру ұйымдарының ресурстары мен тәжірибесін тартуға және пайдалануға ынталандыру.

2.1 Кодекс ережелері

2021 жылғы Кодекстегі келесі баптардың Білім берудің Халықаралық стандартына тікелей қатысы бар, оларды Кодекстің өзінен алуға болады:

- Кіріспе
- Кодекс 18-бап Білім беру
- Кодекс 20-бап. Қол қойған тараптардың және ДДҚА-ның қосымша қызметтері мен міндеттері

3.0 Анықтамалар мен түсіндірмелер

3.1 Білім берудің Халықаралық стандартында қолданылатын 2021 жылғы Кодексте анықталған терминдер

ADAMS: Допингке қарсы әкімшілік және басқару жүйесі - деректерді енгізу, сақтау, тарату және есеп беру үшін, ДДҚА (Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік) және мүдделі тараптарға олардың допингке қарсы іс-әрекеттері кезінде, мәліметтерді қорғау туралы заңнаманы сақтай отырып, көмек көрсету үшін әзірленген Интернетте орналасқан дерекқорды басқаруға арналған жүйе.

Допингке қарсы ұйым: ДДҚА немесе Допинг-бақылаудың қандай да бір процесін бастауға, енгізуге және жүзеге асыруға бағытталған ережелерді қабылдауға жауап беретін Қол қойған тарап. Бұған, мысалы, Халықаралық Олимпиадалық Комитет, Халықаралық Паралимпиадалық Комитет, өз спорттық жарыстарында Тестілеу өткізетін басқа да ірі спорттық іс-шаралардың Ұйымдастыру комитеттері, Халықаралық федерациялар және Допингке қарсы ұлттық ұйымдар жатады.

Спортшы: Халықаралық деңгейде (әр Халықаралық федерацияның анықтамасына сәйкес) немесе ұлттық деңгейде (әр Допингке қарсы ұлттық ұйымның анықтамасына сәйкес) спортпен шұғылданатын кез келген Тұлға.

Допингке қарсы күрес ұйымы өз қалауы бойынша допингке қарсы ережелерді не халықаралық деңгейдегі спортшы емес, не ұлттық деңгейдегі спортшы болып табылмайтын Спортшыға қолдана алады және осылайша оларды «Спортшы» анықтамасына енгізе алады. Допингке қарсы ұйым не халықаралық деңгейдегі спортшы емес, не ұлттық деңгейдегі спортшы болып табылмайтын Спортшыға қатысты шешімдер қабылдай алады: шектеулі Тестілеу өткізу немесе Тестілеуді мүлде өткізбеу; Үлгілерде Тыйым салынған препараттардың толық емес құрамының болуын анықтау үшін талдау жүргізу; орналасқан жері туралы ақпаратты шектеулі түрде талап ету немесе талап етпеу; немесе терапиялық қолдануға алдын ала рұқсатты (TUE) талап етпеу. Алайда, егер халықаралық немесе ұлттық деңгейден төмен өнер көрсететін Спортшы 2.1, 2.3 немесе 2.5-баптарға сәйкес допингке қарсы ережені бұзған болса, және де Допингке қарсы ұйым оған қатысты өз өкілеттігіне сәйкес тест жүргізуді шешсе, Кодексте көрсетілген салдарлар қолданылуы тиіс. 2.8-баптың және 2.9-баптың мақсаттары үшін және допингке қарсы ақпарат пен білім алу мақсаттары үшін кез-келген Қол қойған тараптың, Кодексті қабылдаған мемлекеттік немесе басқа да спорт ұйымының басшылығымен спортпен шұғылданатын кез келген Тұлға Спортшы болып табылады.

[«Спортшы» терминіне түсініктеме: Спортпен шұғылданатын Тұлғалар төмендегі бес санаттың біріне кіруі мүмкін: 1) Халықаралық деңгейдегі спортшы, 2) Ұлттық деңгейдегі спортшы; 3) Халықаралық деңгейдегі немесе ұлттық деңгейдегі спортшы емес, бірақ Халықаралық федерация немесе Допингке қарсы ұлттық ұйым өз өкілеттіктерін жүргізуді шешкен тұлғалар; 4) Әуесқой-спортшы және 5) Не Халықаралық федерация, не Допингке қарсы ұлттық ұйым өкілеттіктерін жүргізе алмайтын немесе жүргізуді шешпеген Тұлғалар.

Барлық халықаралық және ұлттық деңгейдегі Спортшылар Халықаралық және Ұлттық деңгейдегі спорттың нақты анықтамалары бар Кодекстің Допингке қарсы ережелеріне бағынады, бұл анықтамалар Халықаралық федерациялардың және Допингке қарсы ұлттық ұйымдардың допингке қарсы ережелерінде баяндалуы тиіс.]

Спортшының биологиялық төлқұжаты: Мәліметтерді жинау және салыстыру бағдарламасы мен әдістері Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартында және зертханалардың Халықаралық стандартында сипатталған.

Спортшының көмекші қызметкері: Кез-келген нұсқаушы, жаттықтырушы, менеджер, агент, команда қызметкері, ресми, медициналық, медициналық, парамедициналық қызметкер, ата-ана немесе Спортшымен бірге жұмыс істейтін, спорттық жарысқа қатысу немесе оған дайындық кезінде көмек көрсететін кез- келген басқа тұлға.

Кодекс: Дүниежүзілік допингке қарсы кодекс.

Жарыс: Бір мәрте жүгіру, матч, ойын немесе жеке спорттық жарыс. Мысалы, баскетбол ойыны немесе Олимпиадада жеңіл атлетика бойынша 100 м жүгіруден финал. Жұлделер күнделікті немесе басқадай уақыт негізінде берілетін шосседегі көпкүндік веложарыстар мен басқа да спорттық жарыстар үшін Жарыс пен Спорттық іс-шараның арасындағы айырмашылық тиісті Халықаралық Федерация ережелерінде қарастырылғандай болады.

Допинг-бақылау: Тестілеуді жоспарлаудан бастап, кез-келген апелляция бойынша соңғы шешімге дейін барлық кезеңдер мен процестер және Салдарларды сақтауға мәжбүрлеу, оған барлық аралық кезеңдер мен процестер, олармен берге, Тестілеу, тексеру жұмыстары, орналасқан жері, TUE, сынамаларды алу және өңдеу, зертханалық талдау, Нәтижелерді басқару, сондай-ақ 10.14-баптың бұзылуына байланысты жүргізілетін тексеру мен тергеу жұмыстары (Дисквалификация кезіндегі немесе Уақытша шеттету кезіндегі мәртебе) жатады. .

Білім беру: Спорттық рухты насихаттауға және қорғауға, сондай-ақ допингті қасақана және абайсыз пайдаланудың алдын алуға ықпал ететін құндылықтарды дарыту және мінез-құлықты дамыту мақсатымен жүргізілетін оқыту процесі.

Спорттық іс-шара: Бір басқарушы ұйыммен бірлесе өткізілетін жекелеген Жарыстар сериясы (мысалы, Олимпиада ойындары, Әлем чемпионаттары немесе Панамерикалық ойындар).

Спорттық іс-шараның өтетін орны: Басқарушы орган іс-шараны өткізуге тағайындалған орындар.

Халықаралық спорттық іс-шара: Халықаралық Олимпиадалық комитет, Халықаралық Параолимпиадалық комитет, Халықаралық федерация, *Ірі спорттық іс-шараны ұйымдастырушы* немесе басқа халықаралық спорттық ұйым басшы органы болып табылатын немесе көрсетілген ұйымдар *Спорттық іс-шараға* техникалық қызметкерлерді тағайындайтын *Спорттық іс-шара* немесе *Жарыс*.

Халықаралық деңгейдегі спортшы: Тестілеу мен тергеудің Халықаралық стандартына сәйкес әр Халықаралық федерация анықтаған халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысатын *Спортшылар*.

[Түсініктеме: Тестілеу және тергеудің Халықаралық стандартына сәйкес Халықаралық федерация Спортшыларды халықаралық спортшылар санатына жатқызу үшін қолданылатын өлшемшарттарды анықтауға құқылы, мысалы, рейтинг бойынша, белгілі бір Халықаралық жарыстарға қатысу, лицензия түрі бойынша және т.б. Алайда, Спортшылар өздерінің қандай жағдайларда халықаралық спортшылар санатына жатқызылатынын тез әрі оңай анықтай алуы үшін өлшемшарттар анық және қысқаша түрде жариялануы тиіс. Мысалы, егер өлшемшарттар белгілі бір Халықаралық спорттық жарыстарға қатысуға жол берсе, онда Халықаралық федерация осындай Халықаралық спорт жарыстарының тізімін жариялауы тиіс.]

Халықаралық стандарт: ДДҚА Кодексті қолдау үшін бекіткен стандарт. Халықаралық стандартқа сәйкес келу (басқа балама стандартқа, тәжірибе немесе процедураға қарағанда) Халықаралық стандартта көрсетілген процедуралар сәйкесінше орындалғанын анықтау үшін жеткілікті негіз болуы керек. Халықаралық стандарттарға Халықаралық стандартқа сәйкес жарық көрген кез келген техникалық құжат кіреді.

Ірі Спорттық іс-шараны ұйымдастыру комитеттері: Кез-келген континентальдық, аймақтық немесе басқа халықаралық спорттық іс-шараларды басқару органы ретінде қызмет ететін Ұлттық олимпиада

комитеттері мен басқа да халықаралық мультиспорттық ұйымдардың континентальдық қауымдастықтары.

Кәмелетке толмаған: Он сегіз жасқа толмаған жеке тұлға.

Допингке қарсы Ұлттық ұйым: Ұлттық деңгейде допингке қарсы ережелерді қабылдау және қолдану, сынамалар алу мен тест нәтижелерін басқаруға жетекшілік ететін негізгі өкілеттіктер мен міндеттерге ие ұйым(дар) ретінде әрбір ел тағайындаған ұйым(-дар). Егер құзіретті мемлекеттік орган(-дар) оны тағайындамаса, бұл ұйымның қызметін Ұлттық Олимпиада комитеті немесе ол өкілеттік берген ұйым атқарады.

Ұлттық спорттық іс-шара: Халықаралық немесе ұлттық деңгейдегі спортшылар қатысатын, бірақ Халықаралық спорттық іс-шара болып табылмайтын Спорттық іс -шара немесе Жарыс.

Ұлттық деңгейдегі спортшы: Тестілеу мен тергеудің Халықаралық стандартына сәйкес әр Допингке қарсы ұлттық ұйым анықтаған ұлттық деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысатын *Спортшылар*.

Ұлттық Олимпиада комитеті: Халықаралық Олимпиада Комитеті мойындаған ұйым. «*Ұлттық Олимпиада комитеті*» ұғымы сондай-ақ спорт саласындағы допингке қарсы күресте Ұлттық спорт конфедерациясы *Ұлттық Олимпиада комитетінің* міндетін атқаратын елдердегі Ұлттық спорт конфедерацияларына қатысты.

Тұлға: Жеке *Тұлға* немесе ұйым, немесе басқа да заңды тұлға.

Допингке қарсы аймақтық ұйым: Мүше-мемлекеттер өздерінің допингке қарсы ұлттық бағдарламаларын тапсырылған аймақтарда үйлестіру және басқару үшін тағайындалған аймақтық орган, бағдарламаға допингке қарсы ережелерді қабылдау мен қолдану, Сынамалар алуды жоспарлау және алу, нәтижелерді өңдеу, TUE-ні қарастыру, тыңдаулар өткізу және аймақтық деңгейде Білім беру бағдарламаларын жүргізу кіреді.

Тіркелген Тестілеу пулы: *Халықаралық федерациялар* жеке халықаралық деңгейде және *Допингке қарсы ұлттық ұйымдар* ұлттық деңгейде құрған басымдылығы жоғары Спортшылар пулы, мұндағы Спортшылар осы Халықаралық федерацияның немесе Допингке қарсы ұлттық ұйымның Сынамалар алу жоспарының бөлігі болып табылатын Жарыс кезеңінде және Жарыстан тыс кезеңдегі мақсатты Тестілеуінен өтеді және осыған байланысты, 5.5- Бапта және тестілеу мен тергеудің Халықаралық стандартында қарастырылғандай, орналасқан жері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Қол қойған тараптар: Кодексті қабылдайтын және Кодексті 23-бапта қарастырылғанға сәйкес қолдануға келісім беретін тұлғалар.

Қатаң жауапкершілік қағидасы: 2.1 және 2.2-баптарға сәйкес, Допингке қарсы ұйымның допингке қарсы ереженің бұзылғанын анықтау үшін Спортшы тарапынан жасалған ниет, Қателік, ұқыпсыздық немесе саналы түрде қолдану болғанын көрсетудің қажеті жоқ екені қарастырылған ереже.

Тестілеу: Тестілеу жоспарын жасау, Сынамалар алу, оларды өңдеу және зертханаға Сынамаларды жеткізу сияқты іс-әрекеттер кіретін Допинг-бақылау процесінің бөлімі.

Терапиялық мақсатта қолдануға рұқсат [TUE]: Терапиялық қолдануға рұқсат медициналық көрсетілімі бар Спортшыға Тыйым салынған препарат немесе Тыйым салынған әдісті қолдануға жол береді, бірақ 4.4-бапта және Терапиялық қолдануға рұқсат жөніндегі Халықаралық стандартта баяндалған шарттар сақталуы тиіс.

ДДҚА: Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік.

3.2 Кодекске сәйкестік жөніндегі Халықаралық стандартта анықталған терминдер

Кодекске сәйкестік: Кодекстің барлық талаптарына және / немесе тиісті Қол қойған тарапқа қолданылатын Халықаралық стандарттарға сәйкес келу, сондай-ақ А.3 (r) -бапқа сәйкес ДДҚА Атқарушы комитеті қойған кез-келген арнайы талаптар.

3.3 Білім берудің Халықаралық стандартына тән белгілі бір терминдер

Допингке қарсы білім білім беру: Әділ спорттық мінез-құлық құзыреттілігін қалыптастыру және саналы шешім қабылдау үшін допингке қарсы тақырыптар бойынша сабақтар өткізу.

Хабардар болуды арттыру: Әділ спорт тақырыптары мен мәселелерін бөлек қарау.

Білім беру жоспары: Бұл құжатқа мыналар кіреді: жағдайды бағалау; Білім беру пулының анықтамасы; мақсаттары; 4-баптың талаптарына сәйкес білім беру іс-әрекеті және мониторинг рәсімдері.

Білім беру пулы: Жүйені бағалау барысында анықталған мақсатты топтардың тізімі.

Білім беру бағдарламасы: Қол қойған тарап оқытуда көзделген мақсатқа жету үшін өткізілетін Білім беру іс-әрекеттерінің жинағы.

Оқытушы: Білім беру үшін оқытылған және осы қызметті атқару үшін Қол қойған тарап өкілеттік берген Тұлға.

Іс-шараға негізделген оқыту: Спорттық *Іс-шарада* немесе оған байланысты өткізілетін кез-келген Білім беру қызметі.

Білім беру бойынша нұсқаулық: Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламада білім жайында нұсқаулық беретін және ДДҚА Қол қойған елдеріне ұсынылатын міндетті емес құжат.

Ақпарат беру: Әділ спортқа қатысты нақты, заманауи контентпен қамтамасыз ету.

Алдын алу: допингтің алдын-алу үшін қабылданған шараларға қатысты. Профилактиканың төрт басты стратегиясы бар: білім беру; тежеу; анықтау; және мәжбүрлі түрде сақтауды қамтамасыз ету.

Құндылыққа негізделген білім Білім беру: Жеке құндылықтар мен тұлғаның қағидаларын дамытуға баса назар аударатын іс-әрекетті жүзеге асыру. Оқушының этикалық мінез-құлыққа қатысты шешім қабылдау қабілетін дамытады.

3.4 Түсіндірме

- 3.4.1 *Білім берудің Халықаралық стандартының* ресми мәтіні ағылшын және француз тілдерінде жариялануы тиіс. Ағылшын және француз нұсқаларының арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқасы басымдыққа ие.
- 3.4.2 *Білім берудің Халықаралық стандарты* да *Кодекс* сияқты үйлесімділік қағидалары, адам құқықтарын және басқа қолданылатын құқықтық қағидалар ескеріле отырып, әзірленген. Ол осы тұрғыда түсіндіріліп, қолданылуы тиіс.
- 3.4.3 *Білім берудің Халықаралық стандарттың* әр түрлі ережелерін түсіндіретін түсініктемелер оны түсіндіру үшін қолданылуы керек.
- 3.4.4 Егер басқаша көрсетілмесе, бөлімдер мен баптарға жасалған сілтемелер *Халықаралық білім стандартының* бөлімдері мен баптарына жасалған сілтеме болып табылады.

ЕКІНШІ БӨЛІМ: ОҚУ СТАНДАРТТАРЫ

Шолу

Кодекстің 18.1- бабы бойынша Қол қойған тараптар Білім беру бағдарламаларын жоспарлауға, іске асыруға, бақылауға және бағалауға міндеттеледі. 4, 5 және 6-баптарында Қол қойған тараптардың осындай міндетті іс-әрекеттеріне қойылатын талаптар сипатталған.

Қол қойған тараптар Білім беру бағдарламаларын әзірлеген кезде білім алушылардың мәдени және спорттық жағдайлары мен қажеттіліктерін ескерулері қажет.

Қол қойған тараптар төмендегі төрт құрамдас бөліктен тұратын Білім беру бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асырулары керек:

- **Құндылықтарға негізделген білім:** Жеке құндылықтар мен тұлға қағидаларын дамытуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру. Ол білім алушының этикалық мінез-құлығына қатысты шешім қабылдау қабілетін дамытады.
- **Хабардар болуды арттыру:** Әділ спорт тақырыптары мен мәселелерін бөліп көрсету
- **Ақпарат беру:** Әділ спортқа байланысты нақты, өзектілігі зор контентпен қамтамасыз ету.
- **Допингке қарсы білім:** Спортта әділ мінез-құлық және саналы шешім қабылдау құзыреттілігін қалыптастыру үшін допингке қарсы тақырыптар бойынша оқытулар өткізу.

Барлық компоненттер Білім беру бағдарламасында үйлестірілуі тиіс. Барлық іс-шаралар бірін-бірі толықтыратын, құндылыққа негізделген және спорттық рухты көтермелейтін болуы керек.

Қол қойған тараптар өз ұйымындағы Білім берудің рөлі туралы ойлап, Білім беру бағдарламаларында қол жеткізгісі келетін көріністер мен соңғы нәтижелер туралы анық білулері керек. Бұл көрініс пен нәтиже Білім беру жоспарында баяндалған мақсаттарға қызмет етуі керек.

4.0 Білім беру бағдарламасын жоспарлау

Білім беру бағдарламалары дәлелді ақпараттар мен білім беру теориясы, және мүмкіндігінше, әлеуметтік ғылымдар бойынша жасалған зерттеулерге негізделген болуы керек.

4.1 Білім беру жоспарын құру

4.1.1 Қол қойған тараптар Білім беру саласындағы өз іс-әрекетін Білім беру жоспарының көмегімен құжат ретінде рәсімдейді. Жоспар ДДҚА және басқа Қол қойған тараптар сұранысы бойынша ағылшын немесе француз тілдерінде шолу / қысқаша мәлімет түрінде ұсынылуы керек.

4.1.2 Білім беру жоспарын жасау үшін Қол қойған тараптар келесі қадамдарды жасаулары қажет: ағымдағы жағдайды бағалау; Білім беру пулын құру; нақты мақсаттар мен соған байланысты қызметтерді анықтау; және мониторинг процедураларын белгілеу.

4.2 Ағымдағы жағдайды бағалау

Бағалау процесінде төмендегілерді қарастыру қажет:

4.2.1 Жүйені бағалау: Қол қойған тараптар өздері жұмыс істейтін ортаны, оның ішінде спорттық жүйені / құрылымды және ұлттық / халықаралық контексті сипаттауы керек.

4.2.2 Мақсатты топтарды анықтау: Қол қойған тараптар өздерінің Білім беру бағдарламалары үшін барлық ықтимал мақсатты топтардың, ең алдымен Спортшылар мен Спортшының көмекші қызметкерлердің

тізімін жасауы керек. *Қол қойған тараптар* сонымен қатар Білім беру үшін жауапты немесе білім беретін басқа агенттіктерді / ұйымдарды көрсетулері қажет.

4.2.3 Ресурстар: *Қол қойған тараптар* өз Білім беру бағдарламаларын қолдау көрсету үшін қолда бар немесе қол жеткізе алатын адами және материалдық ресурстарды анықтауы керек.

4.2.4 Ағымдағы *Білім беру іс-шаралары*: *Қол қойған тараптар* өздерінің *Білім беру* саласындағы барлық жасап жатқан іс-әрекетін сипаттауы керек.

4.3 Білім беру пулын құру

4.3.1 Қол қойған тараптар 4.2.2-де анықталған топтардан Білім беру пулына енетін басым топтарды анықтаулары керек.

4.3.2 *Спортшылар*: *Қол қойған тараптар* өздерінің Білім беру пулына кіргізу үшін Допингке қарсы ережелерге бағынатын Спортшыларды есепке алуы тиіс. *Қол қойған тараптар*, кем дегенде, *Тіркелген тестілеу пулына* енгізілген *спортшыларды* және санкциялардан кейін спортқа қайта оралған спортшыларды қамтулары керек. *Қол қойған тараптарға* өздерінің Білім беру пулына спортшылардың неғұрлым көп тобын кіргізу немесе 4.3.4-бапта сипатталғандай қатыстырмау негіздемесін ұсыну баса айтылады. Бұл *Спортшы* алғашқы допингке қарсы іс-әрекет тәжірибесін *Допинг-бақылау* арқылы емес, *Білім* арқылы алуы керек деген қағиданы растайды.

4.3.3. *Спортшылардың көмекші қызметкерлері*: *Кодекстің* 21.2-бабына сәйкес допингке қарсы саясат пен ережелерді білу және сақтауға қатысты, сондай-ақ *Спортшының* допингке қарсы әрекетіне ықпал ететін құндылықтары мінез-құлқына әсер ету жауапкершілігі *Спортшылардың көмекші қызметкерлеріне* жүктеледі.

Қол қойған тараптар Білім беру пулына енгізу үшін 4.3.2-бапта көрсетілген Спортшылардың көмекші қызметкерлерін есепке алуы тиіс. Ең ықпалды Спортшылардың көмекші қызметкерлеріне басымдық беру керек. *Қол қойған тараптар* өз мүмкіндіктері шегінде Спортшылардың көмекші қызметкерлеріне өздерінің қызметтері мен міндеттерін түсінуге және өз Спортшыларына оң ықпал етуі үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізе алуын қамтамасыз етуі тиіс.

Кодексте көрсетілгенге сәйкес, осы процестің құрамы ретінде келесі топтарды қарастыру керек: жаттықтырушылар, агенттер, команда қызметкерлері, ресми тұлғалар, медициналық / парамедициналық ызметкерлер, ата-аналар немесе қатысушы *Спортшымен* жұмыс жасайтын және спортшыға спорттық *жарыстарға* қатысқанда немесе дайындық барысында көмектесіп, қолдау көрсететін кез-келген басқа *Тұлға*.

4.3.4 Егер Білім беру пулына кірмейтін *Спортшы* мен *Спортшының Көмекші қызметкерлері* болса, *Қол қойған тараптар* мұның негіздемені қоса және және болашақта мұның қалай шешілетінін көрсетулері керек.

4.3.5 Басқа мақсатты топтар: Жоғарыда көрсетілген *Спортшы* мен *Спортшының Көмекші қызметкерлерімен* қатар, басқа мақсат топтары жоспарлау процесінің бөлігі ретінде қарастырылуы керек, оның ішінде шектеусіз:

- Балалар мен жастар
- Мұғалімдер
- Университет қызметкерлері мен студенттері
- Спорт әкімшілілері
- Коммерциялық демеушілер
- БАҚ өкілдері
- *Қол қойған тараптар* қажет деп санайтын кез келген басқа да *Тұлғалар*

4.3.6 Білім беру пулы: Мақсатты топтары мен олардың маңыздылығы анықталғаннан кейін, сонымен қатар ресурстар мен қамтамасыз ету мүмкіндіктерге қарай, *Қол қойған тараптар* өздерінің Білім беру пулына кіретін адамдарды таңдап, бұл шешімді өз Білім беру жоспарларында құжат арқылы рәсімдейді.

4.4 Мақсаттары мен қызметі

Білім беру жоспарында білім беру бағдарламасының жалпы мақсаты мен білім беру пұлындағы мақсатты топтарының қызметіне қатысты нақты мақсаттар мен мерзімдер көрсетілуі керек. Барлық мақсаттар өлшенімді және уақыт жағынан нақты болуы керек.

4.5 Мониторинг

Білім беру жоспарына есеп беру мен бағалай алу және үнемі жетілдіріп отыруға ықпал ету үшін Білім беру бағдарламасы саласында іс-әрекетке мониторинг жүргізу процедурасы болуы керек.

5.0 Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру

5.1 Құндылықтарға негізделген Білім беру, әсіресе балалар мен жастар үшін, мектеп және / немесе спорт клубтарының бағдарламаларында және тиісті мемлекеттік органдармен және басқа да мүдделі тараптармен бірлескен жұмыста басты назарда болуы тиіс.

5.2 Қол қойған тараптар Кодекстің 18.2-бабының ережелеріне сәйкес өз Білім беру бағдарламаларына келесі тақырыптарды енгізулері қажет. Тақырыптар мен контент бейімделіп, мақсатты аудитория қажеттіліктеріне сәйкес келтірілуі тиіс. Осы тақырыптар бойынша ақпарат көпшілікке қол жетімді болуы керек:

- Әділ спортқа қатысты қағидалар мен құндылықтар;
- Кодекске сәйкес *Спортшылардың, Спортшылардың Көмекші қызметкерлері* мен басқа топтардың құқықтары мен міндеттері;
- *Қатаң жауапкершілік* қағидасы
- Допингтің салдары, мысалы, физикалық және психикалық денсаулық, әлеуметтік және экономикалық салдарлар мен санкциялар;
- Допингке қарсы ережелерді бұзу;
- *Тыйым салынған препараттар тізіміндегі препараттар* дәрілер мен әдістер;
- Қоспаларды пайдалану қаупі;
- Дәрі-дәрмекті қолдану және *Терапиялық мақсатта қолдануға рұқсат беру*;
- Тестілеу процедурасы, оның ішінде несеп, қан талдауы және *Спортшының биологиялық төлқұжаты*;
- *Тіркелген тестілеу пұлына* қойылатын талаптар, оның ішінде орналасқан жері және ADAMS –ты қолдану;
- Допингке қатысты мәселелерді қолдау мақсатында сөйлеген сөздер

5.3. 5.2-бапта көрсетілген тақырыптар бойынша *Тіркелген тестілеу пұлы* үшін оқыту толық көлемде беріледі.

5.4 Қол қойған тараптар Білім беру пұлындағы әр мақсатты топ үшін оқу мақсаттарын анықтайтын құрылымдарды анықтауы керек. Оқытудың бұл мақсаттары білім алушының әр тақырып бойынша «білуі», «түсінуі» және «жасай алуы» қажет екендігін анықтайды. Құзіреттілік пен дағдылар - бұл білім алушыны өзінің дамуының әр кезеңінде көрсетуге тиіс нәрселер.

5.5 Қол қойған тараптар Білім беру пұлындағы ауытқуы бар немесе ерекше қажеттілікті керек ететін білім алушыларды оқыту үшін Білім беру іс-әрекетін соларға қарай бейімдеуі керек.

5.6 5.4-бап, сондай-ақ, Білім беру пұлындағы кәмелетке толмағандарға да, Білім беру іс-әрекетін олардың даму сатысына бейімдей және барлық қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, қолданылады.

5.7 Қол қойған тараптар Білім беру жоспарының мақсаттарына жету үшін тиісті Білім беру шараларын таңдауы керек. Білім беру бойынша нұсқаулықта көрсетілгендей, оларға бетпе-бет кездесулер, электронды оқыту, брошюралар, ақпараттық тақталар, веб-сайттар және т.б. кіруі мүмкін.

5.8 Қол қойған тараптар Білім беруге тікелей жауап беретін Оқытушыларды тағайындауы тиіс. Оқытушылар Құндылықтарға негізделген Білім беруде және Кодекстің 18.2-бабында, Білім берудің Халықаралық стандартында мен Білім беру бойынша нұсқаулықта баяндалғандай, барлық тақырыптар бойынша жетік мамандар болуы керек.

5.9 Қол қойған тараптар Білім беру жоспарын өткізілетін шаралар Спортшылардың даму деңгейіне сәйкестікті қамтамасыз ете алатындай жоспарлап, әзірлеуі тиіс. *Қол қойған тараптар*, орынды болса, Спортшыларды Білім беру шараларына тартуға мүмкін болатын жағдайды да қарастыруы керек. [5-бапқа түсініктеме: Қол қойған тараптарға көмектесу үшін ДДҚА әртүрлі мақсатты топтарды қамту үшін білім беру құралдарының толық жиынтығын ұсынады.]

6.1 Білім беру бағдарламаларын бағалау

6.2 Қол қойған тараптар өздерінің Білім беру бағдарламаларына жыл сайын баға беріп отыруы қажет. Бағалау келесі жылға арналған Білім беру жоспарын қамтуы ктііс. Бағалау туралы есеп ДДҚА-ға сұраныс бойынша ағылшын немесе француз тілдерінде шолу/ қысқаша мәлімет түрінде ұсынылуы керек.

6.3 Бағалау Білім беру жоспарының нақты мақсаттарына қатысты барлық қол жетімді ақпарат пен деректерге негізделіп, осы мақсаттардың қандай дәрежеде орындалғанын анықтауы керек.

6.4 Қол қойған тараптар, мүмкін болған жағдайла, бағалау мен зерттеулер жүргізуге қолдау көрсету үшін академиялық ортамен немесе басқа зерттеу институттарымен бірлесе жұмыс жасауға ұмтылуы тиіс. Бағалау процедуралары кезінде ақпарат алу үшін әлеуметтік зерттеулерді де пайдалануға болады.

[6.3-бапқа түсініктеме: ДДҚА бағдарламаны бағалау үшін де, сондай-ақ білім беру іс-шараларын әзірлеу үшін де қолданылатын әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеу мәліметтерін ұсынады.]

ҮШІНШІ БӨЛІМ: ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.0 Қол қойған тараптардың қызметтері мен міндеттері

7.1 Шолу

7.1.1 Кодекстің 18.1-бабында: «Барлық Қол қойған тараптар өздерінің жауапкершілігі шегінде және бір-бірімен ынтымақтаса отырып, Білім берудің Халықаралық стандартында белгіленген талаптарға сәйкес Білім беру бағдарламаларын жоспарлайды, іске асырады, мониторинг жүргізеді. бақылайды, бағалайды және жетілдіре түседі» делінген.

Үшінші бөлімнің мақсаттары:

- a) Әр Қол қойған тараптың Білім беруге қатысты негізгі міндеттерін нақтылау
- b) ынтымақтастық қалайша Білім берудің тиімділігін арттыруға барынша күш салуға болатындығын сипаттау; сондай-ақ
- c) Қол қойған тараптар жауапты Білім берудің Халықаралық стандартының талаптарын жинақтап қорыту.

7.2 Допингке қарсы ұлттық ұйымдар

7.2.1 Әрбір Допингке қарсы ұлттық ұйым - өз елінде әділ спортқа қатысты Білім беру органы. Допингке қарсы ұлттық ұйымдар Спортшы алғашқы допингке қарсы іс-әрекет тәжірибесін Допинг-бақылау арқылы емес, Білім арқылы алуы керек деген қағиданы ұстануы керек.

7.2.2 Допингке қарсы ұлттық ұйымдар өзі басшылық ететін және өзінің Білім беру пулына кіретін тұлғалар үшін Білім беру бағдарламаларын әзірлеуі тиіс. Допингке қарсы ұлттық ұйымдар өз Білім беру бағдарламаларының қалай жүзеге асырылатынын және бақыланатындығын көрсету үшін Білім беру жоспарын құжат арқылы рәсімдеуі тиіс. Допингке қарсы ұлттық ұйымдар өз Білім беру бағдарламаларына жыл сайын баға беріп отыруы қажет.

7.2.3 Жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде, Допингке қарсы ұлттық ұйымдар төмендегі тұлғаларды оқыта алады:

- a) Тиісті Халықаралық федерациямен бірлесе отырып Халықаралық деңгейдегі спортшыларды;
- b) Ұлттық спорт федерациясымен бірлесе отырып жас Спортшыларды; сондай-ақ
- c) мектеп және / немесе спорттық клуб бағдарламалары аясында мемлекеттік органдармен бірлесе отырып балалар мен жастарды, бұған Құндылықтарға негізделген білім берудің білімнің қолданыстағы Білім беру жүйесіне немесе спорт жүйесіне интеграциялануына ықпал ету кіреді.

- 7.2.4** Кодекстің 20.3.13-бабына сәйкес Халықаралық федерациялар Ұлттық федерациялардан тиісті допингке қарсы ұлттық ұйыммен үйлестірілген *Оқыту* өткізуді талап етеді және олар тиісінше негізгі серіктес ретінде тартылуы керек және оның бұл қызметіне *Допингке қарсы ұлттық ұйым* қолдау көрсетуі тиіс.
- 7.2.5** *Допингке қарсы ұлттық ұйым* желісінің құрамына кіретін допингке қарсы ұйымдар жыл сайын өздерінің *Білім беру жоспарын* және *Допингке қарсы аймақтық ұйым* туралы шолу / қысқаша мәлімет ұсынып отыруы тиіс.

7.3 Халықаралық Федерациялар

- 7.3.1** *Халықаралық деңгейдегі Спортшыларға арналған Білім беру бағдарламалары, осы спортшылардың өлшемшарттарына қарай Кодекстің 18.2.3-бабына сәйкес, Халықаралық федерациялар үшін басымдығы жоғары болуы керек. Әрбір Халықаралық федерация Спортшы алғашқы допингке қарсы іс-әрекет тәжірибесін Допинг-бақылау арқылы емес, Білім арқылы алуы тиіс деген қағиданы ұстануы керек.*
- 7.3.2** Әрбір Халықаралық Федерация өзі басшылық ететін және өзінің *Білім беру пулына* кіретін тұлғалар үшін *Білім беру бағдарламаларын* әзірлеуі тиіс. Халықаралық Федерация өз *Білім беру бағдарламаларының* қалай жүзеге асырылатынын және бақыланатындығын көрсету үшін *Білім беру жоспарын* құжат арқылы рәсімдеуі тиіс. Халықаралық Федерация өз *Білім беру бағдарламаларына* жыл сайын баға беріп отыруы қажет.
- 7.3.3** *Тестілеу* өткізілетін және осындай Федерациялар *Тестілеуге* өкілеттігі бар Халықаралық спорттық іс-шараларда жарыстарда Халықаралық федерациялар осы *Іс-шара негізінде Оқыту* өткізу мүмкіндігін қарастыруы керек. Мұны жергілікті *Допингке қарсы ұлттық ұйыммен* немесе мүмкін жағдайда *Допингке қарсы аймақтық ұйыммен*, Ұлттық федерациямен және *ірі спорттық іс-шараны ұйымдастыру комитетімен* ынтымақтаса отырып жасау керек. Халықаралық спорттық іс-шараларға қатысатын *Спортшылар мен Көмекші қызметкер* 5-бапқа сәйкес Спорттық жарыс басталар алдында оқытылуы тиіс.
- 7.3.4** Халықаралық федерация *Оқытуды* Ұлттық федерацияларды Кодекстің 20.3.13-бабына сәйкес тиісті *Допингке қарсы ұлттық ұйыммен* бірлесе отырып Оқыту өткізуді міндеттейді.

[7.3-бапқа түсініктеме: Халықаралық федерацияға өзі жетекшілік ететін халықаралық деңгейдегі Спортшылар мен көмекші қызметкерлерді оқытуға ешнәрсе кедергі келтіре алмайды. Халықаралық федерациялардан басқа Қол қойған тараптар, Ұлттық федерациялар немесе үшінші тараптар атынан өткізілетін іс-шараларға негізделген Оқыту бағдарламаларын Халықаралық білім беру стандартында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізу талап етіледі.]

7.4 Ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастыру комитеттері

- 7.4.1** *Ірі спорттық іс-шараның Ұйымдастыру комитеттері Кодекстің 20.6.8-бабына сәйкес спорттық жарыстарда өздерінің тікелей басшылығымен өтетін Білім беру шараларының өткізілуін қамтамасыз етуі керек. Іс-шараға негізделген Оқыту неғұрлым кең аудиторияны, оның ішінде қалың бұқара мен бұқаралық ақпарат құралдарын қамтып, оларға оң әсер етіндей потенциалы болады.*
- 7.4.2** *Ірі спорттық іс-шараның Ұйымдастыру комитеттері Тестілеу өткізілетін және өздері Тестілеу өткізетін орган болып табылатын барлық спорттық іс-шараларда іс-шара негізінде Оқытуды қарастырулары керек. Спорттық іс-шараларға қатысатын Спортшылар мен көмекші қызметкерлер Спорттық іс-шара басталғанға дейін Оқытудан өтулері тиіс. Бұл жергілікті ұйымдастыру комитетімен, Допингке қарсы ұлттық ұйыммен және тиісті Халықаралық және Ұлттық федерациялармен ынтымақтаса отырып атқарылуы керек.*

7.5 Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер / Ұлттық Паралимпиадалық Комитеттер

- 7.5.1** *Кодекстің 20.4.6-бабына сәйкес, Ұлттық допингке қарсы ұйым болмаған жағдайда, 7.2-бапқа сәйкес, Ұлттық Олимпиадалық комитет (немесе, жағдайға байланысты, Ұлттық Паралимпиадалық комитет) өз еліндегі Білім беру органы болып табылады.*
- 7.5.2** *Допингке қарсы ұлттық ұйым болған жағдайда Ұлттық Олимпиадалық комитет (немесе, жағдайға байланысты, Ұлттық Паралимпиадалық Комитет) Олимпиада / Паралимпиада ойындарына (немесе Ұлттық Олимпиадалық Комитет немесе, жағдайға байланысты, Ұлттық Паралимпиадалық Комитет қатысатын немесе қабылдайтын тарап болып табылатын кез-келген Спорттық іс-шараға) қатысатын, 5-бапқа сәйкес осы Спорттық іс-шара басталғанға дейін Оқытудан өтуі тиіс Спортшылар мен Көмекші қызметкерлерді іріктеп алу үшін өз елінің Допингке қарсы ұлттық ұйымымен ынтымақтаса жұмыс істеуі тиіс.*
- 7.5.3** *Ұлттық Олимпиадалық комитет (немесе, жағдайға байланысты, Ұлттық Паралимпиадалық комитет) Ұлттық Федерациялардан Кодекстің 20.4.12-бабына сәйкес тиісті Допингке қарсы ұлттық ұйыммен келісе отырып Оқыту өткізуді талап етуі тиіс.*

7.6 Допингке қарсы аймақтық ұйымдар

- 7.6.1** *Допингке қарсы аймақтық ұйымдар өз мүше-елдеріне Білім беру бағдарламаларын жүргізуге қолдау көрсетуі және Кодекстің 21.4.7-бабына сәйкес Оқытуға жәрдемдесуі тиіс.*
- 7.6.2** *Допингке қарсы аймақтық ұйымдар Допингке қарсы ұлттық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және Ұлттық Олимпиадалық комитеттермен (немесе, қажет болған жағдайда, Ұлттық Паралимпиадалық комитеттермен) өз аймақтарындағы Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және қолдау көрсету үшін бірге жұмыс атқаруы тиіс.*
- 7.6.3** *Допингке қарсы аймақтық ұйымдар өз аймағындағы Білім беру саласындағы білім орталығы болуы керек және олар Допингке қарсы ұлттық ұйымның Білім беру бағдарламаларына қатысты барлық тиісті контентті және материалдарды жинап, оларды баршаға қол жетімді етеді.*

7.7 Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (ДДҚА)

- 7.7.1 ДДҚА өз мүдделі тараптарына Білім берудің Халықаралық стандартына сәйкес тиімді Білім беру бағдарламаларын әзірлеуде мен ұсынуда қолдау көрсетуі керек.
- 7.7.2 ДДҚА Білім беру материалдарын Қол қойған тараптарға мен кез-келген басқа Тұлғаға пайдалану үшін тікелей ұсынады.
- 7.7.3 ДДҚА Кодексе Сәйкестікті ұйымдастыру процесінде Білім берудің Халықаралық стандарты мен Кодекске сәйкестікті қамтамасыз ету үшін және Қол қойған тараптардың Халықаралық стандартқа сәйкес Кодекске сәйкестігі үшін жауапты.

8.0 Ынтымақтастық және басқа Қол қойған тараптарды мойындау

- 8.1 Қол қойған тараптар Оқыту саласында өз Білім беру бағдарламаларының қайталануын барынша азайту және тиімділігін барынша арттыру үшін өз жұмыстарын үйлестіре жүргізуі керек. Атап айтқанда:
- Қол қойған тараптар Білім беру іс-шарасын жоспарлау кезінде басқа тиісті Қол қойған тараптармен кеңесуі қажет.
 - Қол қойған тараптар, мүмкін болған жағдайда, іс-шараға негізделген Оқытуға қатысты қызметтері мен міндеттері туралы алдын ала келісіп алуы қажет. Бұл 7-бапта баяндалған қызметтер мен міндеттерге сәйкес жасалуы тиіс.
 - Қол қойған тараптар өз Білім беру жоспарларымен немесе шолу / қысқаша мәліметтермен басқа тиісті Қол қойған тараптармен бөлісуі керек.

8.2 Білім беру бағдарламаларын мойындау

- 8.2.1 Қол қойған тараптар басқа Қол қойған тараптар жүзеге асырған Білім беру бағдарламаларын мойындауы керек және білім алушылардың (өз Білім беру пулындағы) осындай бағдарламаларды тәмамдағанын мойындай алады, бірақ бұл бағдарламалардың 5-бапқа сәйкес орындалуы шарт. Мұндай бағдарламаларды мойындау туралы басқа Қол қойған тараптарға және Білім беру пулына нақты жеткізілуі керек. Бұл процесс Спортшылар мен Спортшының Көмекші қызметкерлерінің жүктемесін жеңілдетіп, оқытудың қайталануын барынша азайтуы тиіс. Сондай-ақ, бұл Қол қойған тұлғаларға басымдықтарды анықтауға және өз күш-жігерін тиімді бағыттай отырып, жеткіліксіз қамтылған мақсатты топтарға шоғырландыруға көмектеседі.

9.1 Жауапкершілік

9.2 Қол қойған тараптар төмендегілер арқылы жауап береді:

- a) Құжат арқылы рәсімделген Оқу жоспары, оған мыналар кіреді:
 - i. ағымдағы жағдайға баға беру;
 - ii. Білім беру пулын құру (тізімге енгізілмеген кез-келген Спортшы мен Спортшының Көмекші қызметкерлері үшін негіздемені қоса және және болашақта мұның қалай шешілетіні туралы);
 - iii. міндеттер және оларға байланысты іс-әрекеттер түрлері; сондай-ақ
 - iv. мониторинг процедурасы.
- b) Білім беру бағдарламасына жылдық баға беруді аяқтау, оның ішінде Білім беру жоспарында баяндалған барлық міндеттердің жағдайы туралы есеп.
- c) Кодекске Сәйкестікті ұйымдастыру процесі және осыған байланысты Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартта көрсетілген салдарлар.